

Қарағанды облысы әкімдігінің "2025 жылға басым дақылдар, оның ішінде көпжылдық екпелер өндірісін дамытуды субсидиялауға арналған басым дақылдар тізбесін және субсидиялар нормаларын бекіту туралы" 2025 жылғы 16 мамырдағы № 27/01 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2025 жылғы 30 маусымдағы № 37/08 қаулысы

Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарағанды облысы әкімдігінің "2025 жылға басым дақылдар, оның ішінде көпжылдық екпелер өндірісін дамытуды субсидиялауға арналған басым дақылдар тізбесін және субсидиялар нормаларын бекіту туралы" 2025 жылғы 16 мамырдағы № 27/01 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 210483 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулының 1 қосымшасы осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) көрсетілген қаулының 2 қосымшасы осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қарағанды облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Е. Бөлекпаев

Қарағанды облысы әкімдігінің
2025 жылғы 30 маусымдағы
№ 37/08

қаулысына 1-қосымша
Қарағанды облысы әкімдігінің
2025 жылғы 16 мамырдағы
№ 27/01
қаулысына 1-қосымша

2025 жылға басым дақылдар, оның ішінде көпжылдық екпелер өндірісін дамытуды субсидиялауға арналған басым дақылдар тізбесі

№	Басым дақылдар атауы
1	Күнбағыс
2	Зығыр
3	Өнеркәсіптік жылыжайдағы көкөніс

Қарағанды облысы әкімдігінің
2025 жылғы 30 маусымдағы
№ 37/08
қаулысына 2-қосымша

Қарағанды облысы әкімдігінің
2025 жылғы 16 мамырдағы
№ 27/01
қаулысына 2-қосымша

**2025 жылға басым дақылдар, оның ішінде көпжылдық екпелер өндірісін дамытуды
субсидиялауға арналған субсидиялар нормалары**

№	Басым дақылдар атауы	Өлшем бірлігі тонна, гектар	Субсидия нормасы, теңге
1	Күнбағыс	тонна	25 000
2	Зығыр	тонна	5 800
3	Өнеркәсіптік жылыжайдағы көкөніс	гектар	8 327 943

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК